

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі Тәжікстан Республикасының Үкіметіне берген мемлекеттік несиені қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 жылғы 2 желтоқсан N 359-II

Алматыда 2002 жылғы 8 сәуірде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі Тәжікстан Республикасының Үкіметіне берген мемлекеттік несиені қайта құрылымдау туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі Тәжікстан Республикасының Үкіметіне берген мемлекеттік несиені қайта құрылымдау туралы
КЕЛІСІМ (2004 жылғы 20 тамызда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

- Қазақстан Республикасының Үкіметі, Халықаралық Валюта Қоры, Дүниежүзілік Банк және тұтас алғанда әлемдік қоғамдастық қолдаған Экономикалық реформалардың бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Тәжікстан Республикасы халқының күш - жігерін бөлісе отырып;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1992 жылдың және 1993 жылдың қаңтар-тамызының қорытындыларына қатысты техникалық несиелер бойынша берешекті Тәжікстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік несиесіне қайта ресімдеу туралы 1993 жылғы 26 тамыздағы келісімге (бұдан әрі - 1993 жылғы 26 тамыздағы келісім) және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасының Қазақстан Республикасының алдындағы борыштық міндеттемелерін қайта ұйымдастыру шарттары туралы 1995 жылғы 22 қарашадағы келісімге (бұдан әрі - 1995 жылғы 22 қарашадағы келісім) сәйкес қазақстан Тарапы оған берген мемлекеттік несие бойынша тәжік Тарапының берешек проблемаларын жеделдетіп реттеу

төмендегілер туралы келісті:

1-БАП

Тараптар Қазақстан Республикасының Тәжікстан Республикасының алдындағы берешектерін ескере отырып, 1993 жылғы 26 тамыздағы келісімге сәйкес, сондай-ақ 1995 жылғы 22 қарашадағы келісімге сәйкес 1997 жылы 3 желтоқсанда корреспонденттік шоттар ашылғанға дейін Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы банктерінің арасындағы 1992 жыл үшін өзара есеп айырысуларды түпкілікті мұқият тексеру кесіміне сәйкес тәжік Тарапына берілген мемлекеттік несиені қайта құрылымдауды жүзеге асыруға келісті.

2-БАП

2.1. Тараптар Қазақстан Республикасының Үкіметі Тәжікстан Республикасының Үкіметіне берген қайта құрылымданған несие сомасы 12 136 645-80 (он екі миллион жүз отыз алты мың алты жүз қырық бес - 80) АҚШ долларын құрайды деп келісті.

Осы сома 1995 жылғы 22 қарашадағы келісімнің 2-бабына сәйкес 18 286 092-00 (он сегіз миллион екі жүз сексен алты мың тоқсан екі) АҚШ доллары сомасынан 1993 жылғы 26 тамыздағы келісімнің 7-бабына сәйкес безбенделген орташа бағам бойынша 2 751 434-60 (екі миллион жеті жүз елу бір мың төрт жүз отыз төрт - 60) АҚШ долларына баламалы 728,8 миллион рубль (жеті жүз жиырма сегіз миллион сегіз мың рубль) мөлшеріндегі соманы, сондай-ақ 1997 жылғы 3 желтоқсанда корреспонденттік шоттар ашылғанға дейін Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы банктерінің арасындағы 1992 жыл үшін өзара есеп айырысуларды түпкілікті мұқият тексеру кесіміне сәйкес 3 398 011-60 (үш миллион үш жүз тоқсан сегіз мың он бір - 60) АҚШ долларына баламалы 900 065 319-00 рубль 78 тиын (тоғыз жүз миллион алпыс бес мың үш жүз он тоғыз рубль жетпіс сегіз тиын) мөлшеріндегі соманы алып тастау ж о л ы м е н а н ы қ т а л д ы .

Тәжікстан Республикасына Халықаралық Валюта Қоры ұсынатын барлық несие беруші елдер үшін ортақ шарттармен қайта құрылымдалатын Тәжікстан Республикасына берген мемлекеттік несиенің шарттарына сәйкес тәжік Тарапы 2001 жылғы 31 желтоқсанға дейін қазақстан Тарапына 1997 жылдан бастап 2000 жыл кезеңінде 29 817-59 АҚШ доллары сомасында пайыздық төлемдердің артық төленген сомасын шегере отырып, 2001 жыл үшін 344 545-89 (үш жүз қырық төрт мың бес жүз қырық бес-89) АҚШ доллары мөлшеріндегі есептелген пайыздық төлемдердің сомасын жылдық 2.8 (екі бүтін оннан сегіз) пайыздық ставка бойынша төлеуге міндеттенеді және тәжік Тарапы 314 728-30 АҚШ доллары мөлшеріндегі соманы төлеуге тиіс.

2.2. Қазақстандық Тараптың 12 136 645-80 (он екі миллион жүз отыз алты мың алты

жүз қырық бес - 80) АҚШ доллары мөлшеріндегі қайта құрылымдалған несиесі тәжік Тарапына 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап 15 (он бес) жыл мерзімге берілді деп есептеледі, олардың ішінде алғашқы 5 (бес) жылы тәжік Тарапы қайта құрылымдалған несие бойынша есептелген пайыз сомасын өтейтін төлемді төлеу жүргізілетін жеңілдік кезеңін құрайды.

3-БАП

3.1. Тәжік Тарапы қайта құрылымдалған несие бойынша 12 136 645-80 (он екі миллион жүз отыз алты мың алты жүз қырық бес - 80) АҚШ доллары мөлшеріндегі негізгі борыш сомасын 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде өтеуге міндеттенеді.

3.2. Негізгі борыш сомасын өтеуге арналған төлемдер қайта құрылымдалған несие сомасының қырықтан бір бөлігі мөлшеріндегі тең үлестермен тоқсан сайын осы Келісімнің қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

3.3. Негізгі борыш сомасын өтеуге төлем жүргізу күні әр тоқсанның соңғы айының 30-шы (отызыншы) күні болып белгіленеді.

3.4. Осы баптың 3.3-тармағында көрсетілген мерзімде жүргізілмеген төлем негізгі борыш сомасын өтеудің мерзімі өткен төлемі болып саналады.

Тәжік Тарапы негізгі борыш сомасын өтеудің алғашқы төлемін 2006 жылғы 30 наурызда жүргізеді.

3.5. Тәжік Тарапы қазақстан Тарапының келісімімен негізгі борыштың сомасын мерзімінен бұрын өтей алады.

4-БАП

4.1. Тәжік Тарапы қайта құрылымданған несиені пайдаланғаны үшін пайыздық есептелген сомасын төлеуді 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде жүргізеді.

Пайыздық төлем сомасын есептеу жылына 360 күн есебінен есептелген тоқсандағы іс жүзіндегі күндердің саны бойынша өтелмеген негізгі борыштың сомасына арналған жылдық 2.8 (екі бүтін оннан сегіз) пайыздық ставка бойынша осы Келісімнің қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Төлемнің орындалған күні қазақстан Тарапының уәкілетті банкінің шотына соматүскен күн болып есептеледі.

Есептелген пайыздарды өтеуге арналған төлемдер тоқсан сайын жүргізіледі.

Есептелген пайыздардың сомасын өтеуге арналған төлем жүргізу күні әрбір тоқсанның соңғы айының 30-шы (отызыншы) күні болып белгіленеді.

4.2. Осы баптың 4.1-тармағында көрсетілген мерзімде жүргізілмеген төлем қайта құрылымдалған несиені пайдалану үшін есептелген пайыздарды өтеудің мерзімі өткен төлемі болып саналады.

5-БАП

Негізгі борышты өтеуге және/немесе есептелген пайыздардың сомасын өтеуге арналған мерзімі өткен төлемдердің сомасына жылына 360 күн есебінен АҚШ долларындағы алты айлық депозиттер үшін LIBOR+4 (ЛИБОР қосу төрт) жылдық пайыздық ставкасы бойынша төлемдердің әрбір мерзімі өткен күні үшін айыппұл п а й ы з ы е с е п т е л е д і .

Айыппұл пайыздарын есептеу бойынша жалпы мерзімді санау негізгі борыштың және/немесе есептелген пайыздардың төлемін жүргізген күннен кейінгі күннен басталады және берешекті іс жүзінде өтеу күнімен (іс жүзіндегі өтеу күнін қоса алғанда) а я қ т а л а д ы .

Тәжік Тарапы мерзімі өткен төлем сомасына есептелген айыппұл пайыздарын төлеуді қазақстан Тарапының жазбаша хабарламасынсыз-ақ жүргізеді.

6-БАП

Негізгі борышты, пайыздық және айыппұл борыштарын өтеу төлемдерін тәжік Тарапы АҚШ долларында жүргізеді.

7-БАП

7.1. Егер осы Келісім бойынша белгілі бір төлем мерзімдері бойынша Тараптар мемлекеттерінің аумағында банктік жұмыс күні болып табылмайтын күнмен сәйкес келсе, мұндай төлем келесі жұмыс күні жүргізіледі.

7.2. Қосымша Келісімге сәйкес анықталатын Тараптардың уәкілетті банктері:
- осы Келісімнің шарттарынан туындайтын есеп айырысуларды жүзеге асырудың және шоттарды жүргізудің техникалық тәртібін бір айлық мерзімде бірлесіп әзірлеуге және оны банкаралық келісім түрінде ресімдеуге;

- жоғарыда көрсетілген есеп айырысуларды жүзеге асырудың және шоттарды жүргізудің техникалық тәртібін өз мемлекеттерінің Қаржы министрліктерімен келісуге;

- есепті тоқсан аяқталған күннен бастап 10 (он) күннің ішінде есепті тоқсан аяқталған күнгі Тараптар шоттарының жай-күйі туралы өз Тарапының Қаржы министрлігіне ресми түрде есеп беруді ұсынуға міндеттенеді.

8-БАП

Осы Келісім бойынша Тараптардың міндеттемелері сөзсіз болып табылады және ол бойынша барлық төлемдер Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында алынатын барлық салықтардан, комиссиялардан және алымдардан босатылады.

9-БАП

Осы Келісімнің ережелері олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

10-БАП

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде немесе қолдануда даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

11-БАП

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, ол осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

12-БАП

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім өзінің қолданылуын Тараптар осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған күннен бастап тоқтатады.

13-БАП

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап барлық үкіметаралық келісімдер және осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген 1997 жылғы 3 желтоқсандағы корреспонденттік шоттар ашылғанға дейін Тараптар мемлекеттерінің банктері арасындағы 1992 жыл үшін өзара есеп айырысуларды түпкілікті мұқият тексеру кесімі және сол сияқты осы келісімдер мен кесім бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері күшін жояды және Тараптардың бір-біріне қаржылық немесе өзге де талап қоюы үшін негіз қызметін атқара алмайды.

Алматы қаласында 2002 жылғы 8 сәуірде әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін Тараптардың түсіндіруі кезінде келіспеушіліктер болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін		Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін	
Қазақстан мен Тәжікстан Үкіметі Республикасының Республикасының мемлекеттік құрылымдау қосымша	Республикасының Тәжікстан арасындағы Үкіметі Үкіметіне несиені туралы	Қазақстан Үкіметі Тәжікстан берген қайта келісімге	Үкіметі
Қайта құрылымданған несиенің сомасы			12 136 645,80
Пайыздарды өтеудің басталуы			2001 жылғы 31 наурыз
Пайыздарды өтеудің соңғы күні			2015 жылғы 31 желтоқсан
Негізгі соманы өтеудің басталуы			2006 жылғы 31 наурыз
Негізгі соманы өтеудің соңғы күні			2015 жылғы 31 желтоқсан
Пайыздық ставка			2,8
Жеңілдікті кезең			5
Борышты өтеу (жеңілдікті кезеңді қоса алғанда)			15
Жылына төлемдер саны		4	
А Қ Ш доллары мен			

Күні	!	Борыштың ! негізгі ! сомасы !	!	Борыштың ! негізгі ! сомасын ! төлеу	!	Пайыздарды! ! төлеу !	Төлемдердің ! жалпы сомасы !
2001 жылғы 31 наурыз		12136645,80		0,00		84956,52	84956,52
2001 жылғы 30 маусым		12136645,80		0,00		85900,48	85900,48
2001 жылғы 30 қыркүйек		12136645,80		0,00		86844,44	86844,44
2001 жылғы 31 желтоқсан		12136645,80		0,00		86844,44	86844,44
2002 жылғы 31 наурыз		12136645,80		0,00		84956,52	84956,52

2002 жылғы 30 маусым	12136645,80	0,00	85900,48	85900,48
2002 жылғы 30 қыркүйек	12136645,80	0,00	86844,44	86844,44
2002 жылғы 31 желтоқсан	12136645,80	0,00	86844,44	86844,44
2003 жылғы 31 наурыз	12136645,80	0,00	84956,52	84956,52
2003 жылғы 31 маусым	12136645,80	0,00	85900,48	85900,48
2003 жылғы 30 қыркүйек	12136645,80	0,00	86844,44	86844,44
2003 жылғы 31 желтоқсан	12136645,80	0,00	86844,44	86844,44
2004 жылғы 31 наурыз	12136645,80	0,00	85900,48	85900,48
2004 жылғы 30 наурыз	12136645,80	0,00	85900,48	85900,48
2004 жылғы 30 қыркүйек	12136645,80	0,00	86844,44	86844,44
2004 жылғы 31 желтоқсан	12136645,80	0,00	86844,44	86844,44
2005 жылғы 31 наурыз	12136645,80	0,00	84956,52	84956,52
2005 жылғы 30 маусым	12136645,80	0,00	85900,48	85900,48
2005 жылғы 30 қыркүйек	12136645,80	0,00	86844,44	86844,44
2005 жылғы 31 желтоқсан	12136645,80	0,00	86844,44	86844,44
2006 жылғы 31 наурыз	12136645,80	303416,15	84956,52	388372,67
2006 жылғы 30 маусым	11833229,66	303416,15	83752,97	387169,11
2006 жылғы 30 қыркүйек	11529813,51	303416,15	82502,22	385918,37
2006 жылғы 31 желтоқсан	11226397,37	303416,15	80331,11	383747,26

2007 ЖЫЛҒЫ	10922981,22	303416,15	76460,87	379877,01
31 наурыз				
2007 ЖЫЛҒЫ	10619565,08	303416,15	75162,92	378579,07
30 маусым				
2007 ЖЫЛҒЫ	10316148,93	303416,15	73817,78	377233,92
30 қыркүйек				
2007 ЖЫЛҒЫ	10012732,79	303416,15	71646,67	375062,81
31 желтоқсан				
2008 ЖЫЛҒЫ	9709316,64	303416,15	68720,39	372136,53
31 наурыз				
2008 ЖЫЛҒЫ	9405900,50	303416,15	66572,87	369989,02
30 маусым				
2008 ЖЫЛҒЫ	9102484,35	303416,15	65133,33	368549,48
30 қыркүйек				
2008 ЖЫЛҒЫ	8799068,21	303416,15	62962,22	366378,37
31 желтоқсан				
2009 ЖЫЛҒЫ	8495652,06	303416,15	59469,56	362885,71
31 наурыз				
2009 ЖЫЛҒЫ	8192235,92	303416,15	57982,83	361398,97
30 маусым				
2009 ЖЫЛҒЫ	7888819,77	303416,15	56448,89	359865,03
30 қыркүйек				
2009 ЖЫЛҒЫ	7585403,63	303416,15	54277,78	357693,92
31 желтоқсан				
2010 ЖЫЛҒЫ	7281987,48	303416,15	50973,91	354390,06
31 наурыз				
2010 ЖЫЛҒЫ	6978571,34	303416,15	49392,78	352808,92
30 маусым				
2010 ЖЫЛҒЫ	6675155,19	303416,15	47764,44	351180,59
30 қыркүйек				
2010 ЖЫЛҒЫ	6371739,05	303416,15	45593,33	349009,48
31 желтоқсан				
2011 ЖЫЛҒЫ	6068322,90	303416,15	42478,26	345894,41
31 наурыз				
2011 ЖЫЛҒЫ	5764906,76	303416,15	40802,73	344218,87
30 маусым				
2011 ЖЫЛҒЫ	5461490,61	303416,15	39080,00	342496,14
30 қыркүйек				

2011 ЖЫЛҒЫ	5158074,47	303416,15	36908,89	340325,03
31 желтоқсан				
2012 ЖЫЛҒЫ	4854658,32	303416,15	34360,19	337776,34
31 наурыз				
2012 ЖЫЛҒЫ	4551242,18	303416,15	32212,68	335628,83
30 маусым				
2012 ЖЫЛҒЫ	4247826,03	303416,15	30395,56	333811,70
30 қыркүйек				
2012 ЖЫЛҒЫ	3944409,89	303416,15	28224,44	331640,59
31 желтоқсан				
2013 ЖЫЛҒЫ	3640993,74	303416,15	25486,96	328903,10
31 наурыз				
2013 ЖЫЛҒЫ	3337577,60	303416,15	23622,63	327038,78
30 маусым				
2013 ЖЫЛҒЫ	3034161,45	303416,15	21711,11	325127,26
30 қыркүйек				
2013 ЖЫЛҒЫ	2730745,31	303416,15	19540,00	322956,14
31 желтоқсан				
2014 ЖЫЛҒЫ	2427329,16	303416,15	16991,30	320407,45
31 наурыз				
2014 ЖЫЛҒЫ	2123913,02	303416,15	15032,58	318448,73
30 маусым				
2014 ЖЫЛҒЫ	1820496,87	303416,15	13026,67	316442,81
30 қыркүйек				
2014 ЖЫЛҒЫ	1517080,73	303416,15	10855,56	314271,70
31 желтоқсан				
2015 ЖЫЛҒЫ	1213664,58	303416,15	8495,65	311911,80
31 наурыз				
2015 ЖЫЛҒЫ	910248,44	303416,15	6442,54	309858,68
30 маусым				
2015 ЖЫЛҒЫ	606832,29	303416,15	4342,22	307758,37
30 қыркүйек				
2015 ЖЫЛҒЫ	303416,15	303416,15	2171,11	305587,26
31 желтоқсан				
ЖИЫНЫ		12136645,80	3489777,88	15626423,68

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК